

«Қамқоршылық кеңес» отырысының
ХАТТАМАСЫ №3

Өтілген күні: 01.03.24 ж

Қатысқандар: Қамқоршылар кеңесінің құрамы, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер

Баужанов Хабзат Касенович, Куанышбаева Балкен Жуматаевна, Ергалиева Айнагуль Кайырбековна, Мазбаева Зауре Казезтаевна, Бримжанова Шынар Асылбековна, Сарсенбаева Айнагуль Нурлыбековна, Иманғалиева Самал Кайыргельдықызы, Шарипова Аида Кайратовна, директордың тәрбие ісінің меңгерушісі: Дәмегүл Мұхамедрахимқызы Кенжина

ZOOM интернет платформасы бойынша:

Абжанова Индира Алмасовна, Жусупова Дамежан Талгатовна

Қатыспағандар: Сәбетхан Екпін (жұмыс бабына сәйкес)

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектепшілік барлық саладағы іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар)
2. Мектепшілік ата-аналар жиналысын өткізуге атсалысу
3. Әртүрлі

Бірінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісінің меңгерушісі Дәмегүл Мұхамедрахимқызы Кенжина мектепшілік барлық саладағы іс-шаралар туралы ақпарат беріп өтті. Сонымен қатар, наурыз айында ең үлкен іс – шаралардың бірі Халықаралық әйелдер күні және «Наурызнама» іс-шаралары өтетіндігін ескертті. Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, мектебіміздің мәжіліс залында 1-11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік концерт өтеді. Сонымен қатар, жыл көлемінде бала тәрбиесіне ерекше мән берген аналарымыз мектеп директорының Алғыс хаттарымен марапатталатын болады. Биылғы жылы, республика бойынша Наурыз мерекесінің мазмұнын байытып, жаңаша атап өту туралы тапсырмаңызды орындау мақсатында өткен жылдар тәжірибесіне ретроспективті талдау жасалды. Осыған орай, төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрін қалыптастырып, оның мазмұнын идеологиялық мәнмен байыту үшін жыл сайын 14 – 23 наурыз аралығында өткізілетін «Наурызнама» онкүндігін жариялап, оның әр күнін белгілі бір тақырыпқа арнау ұсынылды. Соған сәйкес, наурыз айында күн сайын, сынып жетекшілердің, тәрбиешілердің және мектеп ұжымының іс-шаралары өтетіндігін баяндап берді.

Екінші мәселе бойынша, мамыр айында өтетін жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы жайында директордың тәрбие ісінің меңгерушісі Дәмегүл Мұхамедрахимқызы Кенжина жалғастырды. Өз сөзінде қарастыралатын тақырыптармен таныстырып өтті. Жаз мезгілінде баланың қауіпсіздігіне ата-аналардың, яғни заңды өкілі толық жауап беру керектігін ескертті. Себебі, жаз бойы балалар ата-аналарының қарамағында болғанымен, қазіргі кезде жұмыс басты ата-аналар балаларына қарамай, мейрамхана, дәмханаларда т.б жерлерде жұмыс жасауда. Сол себепті, жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысына жан-жақты ақпарат беру үшін төмендегі тақырыптар қарастырылып, басқа мекемелерден мамандар шақырылатындығы айтылды.

1. Сыныптан – сыныпқа көшіру, бітіру емтиханы. Жауапты: Д.С. Сәбікенқызы
2. Мектептің оқу - тәрбие жетістіктері. Жауапты: Г.К. Қанимағанбетова
3. Балалардың жазғы демалысын ұтымды ұйымдастыру. Жауапты: Д.М. Кенжина
4. Жаз айындағы оқушылардың қауіпсіздігі.

Зеренді ауданының төтенше жағдай бөлімінің қызметкері: Мұқышев Дауренбек Рахметоллаұлы

5. «Құққбұзушылықтың алдын алу жолдары».

Ювеналды полиция қызметкері: Аманова Жамиля Тигинбаевна

Учаскелік полиция инспекторы: Кабиев Ракеш Наурызбайұлы


6. «Ішек инфекциясы – қауіпті ауру». Жауапты: Дүйсембина Жанат Құдайбергенқызы
7. «Мектеп оқушыларын бірыңғай киім үлгісіне көшіру – бүгінгі күннің басты мәселесі ». Жауапты: «Sens Fashion» компаниясының менеджері Төлеген Бауыржан
8. Әртүрлі

Шешімі:

1. Наурыз айындағы жоспарланған сыныптан тыс іс-шаралары тұжырымдамаға сәйкес орындалып, сапалы өтуіне жауапты тұлғалар жауап берсін.

2.Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының жүйелі өтуіне мектеп әкімшілігі, ата-аналарды толық қамтамасыз ету сынып жетекшілерге жүктелсін.Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісінің меңгерушісі Д.М. Кенжина жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Хатшы:



/ Баужанов Хабзат Касенович
Абжанова Индира Алмасовна